

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2022 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына
140-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 7 қыркүйектегі
№ 522 бұйрығына
162-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті туралы ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет):

- 1) салықтық және кедендік әкімшілендіру;
- 2) этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу;
- 3) мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы;
- 4) Қазақстан Республикасының кеден ісі, салық саясатын іске асыру саласындағы мемлекеттік реттеу;
- 5) оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда);
- 6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Департамент құзыретіне кіретін өзге де салаларда мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілетті аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Егер, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, Департамент мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және де Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: пошталық индексі 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 31 Б шағын ауданы, нөмірі 35 ғимарат.

9. Департаменттің толық атауы: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметі республикалық бюджеттен қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

12. Департаментке Комитеттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер, Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекет бюджетіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының кеден, салық және мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген өзге де заңнамалардың сақталуын бақылау, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) кеден заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;

2) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарының толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыруға қатысу;

5) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, қоршаған ортаны қорғау;

7) ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жеделдету және оңайлату үшін жағдайлар жасау;

8) этил спирті мен алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ, мұнай өнімдері мен биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу;

9) оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда);

10) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау. 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) салық төлеушінің (салық агентінің) және сыртқы экономикалық қызметке қатысушының салықтық және кедендік тексерудің алдын ала актісіне келіп түскен жазбаша қарсылығын қарау;»;

мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшамен толықтырылсын:

«13) салық төлеушінің (салық агентінің) алдын ала салықтық тексеру актісіне келіп түскен жазбаша қарсылығы бойынша мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын қарау;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.»;

14. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

1) құқықтары:

салық салу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, оның ішінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ақпарат алмасу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бағдарламалық қамтылымының және (немесе) ақпараттық жүйесінің деректерін көруге қол жеткізу құқығын қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) осындай бағдарламалық қамтылымды және (немесе) ақпараттық жүйені пайдаланған жағдайда, салықтық бақылау барысында салық төлеушіден (салық агентінен) бастапқы есепке алу құжаттарының, бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің деректерін, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын

бухгалтерлік және салықтық есепке алуды автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтылымның және (немесе) ақпараттық жүйенің деректерін қарауға қол жеткізу құқығын талап ету;

салық төлеушіден (салық агентінен):

салықтар мен төлемдерді бюджетке дұрыс есептеуді және уақтылы төлеуді (ұстап қалу мен аударуды), әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалу мен аударудың толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттарды ұсынуды;

салық төлеуші (салық агенті) жасаған салық нысандары бойынша жазбаша түсініктемелерді, сондай-ақ, салық төлеушінің (салық агентінің) қаржылық есептілігін, оның ішінде салық төлеуші-резиденттің (салық агентінің), оның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін, егер мұндай тұлға үшін Қазақстан Республикасының заңдарында міндетті түрде аудит жүргізу белгіленсе, аудиторлық есепті қоса бере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілігін талап ету;

салықтық әкімшілендіруді жаңғырту және жетілдіру мақсатында салықтық әкімшілендірудің және салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауының өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды іске асыруды (енгізуді) жүзеге асыру;

екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандардан, бірыңғай тіркеушіден, брокерлерден және (немесе) дилерлерден, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарынан ұсынылуы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мәліметтерді алу;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тұлғаларға қатысты коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтай отырып, екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтер алу;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде айқындалған тәртіппен, салықтық тексеру барысында салық төлеушіден (салық агентінен) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалғанын куәландыратын құжаттарды алып қоюды жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және шет мемлекеттердің органдарынан, декларанттардан, кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардан және тексерілетін тұлғалардан қажетті ақпаратты, сондай-ақ, кеден ісі саласына қатысты құжаттар мен мәліметтерді сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін, кедендік

бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ, ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқу, баспа қызметін жүзеге асыруға;

мемлекеттік кірістер органдарының рұқсатынсыз ЕАЭО кедендік аумағынан кеткен көлік құралдарын тоқтату, сондай-ақ, су және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтару;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуді жүзеге асыру;

көшпелі кедендік тексерулер жүргізу кезінде, тексерілетін тұлғадан алып қою актісін жасай отырып, құжаттарды не олардың көшірмелерін алу;

тауарларды иеліктен шығаруға не осы тауарларға өзгеше тәсілмен билік етуге бағытталған іс-әрекеттердің жолын кесу үшін көшпелі кедендік тексеру жүргізу мерзіміне тауарларға тыйым салу немесе оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қою;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тауарлар орналасқан үй-жайларды мөрлеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен, оның ішінде электрондық тәсілмен өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз ете отырып, өзара іс-қимыл жасау;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, ЕАЭО мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы мәселелері бойынша қоғамның салық және кеден мәдениетін және хабардарлығын арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін тауарлар сатып алу;

Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерде салық және кеден заңнамасын қолдану практикасын талдау және қорыту, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын, ЕАЭО және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Департамент құзыретіне кіретін мәселелер шегінде қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірулер мен түсіндірмелер беру;

әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы, сондай-ақ осы бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкроттық рәсімін қозғамай банкрот тұлғаны тарату;

кредиторлар жиналысына оңалтуды, банкроттықты басқарушылардың кандидатурасын тағайындаудан дәлелді бас тарту не оңалтуды, банкроттықты басқарушылардың тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама жіберу;

этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеу мәселелері бойынша басқа мемлекеттердің және Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан консультанттар мен сарапшыларды, басқа да мемлекеттік органдардың мамандарын тарту;

субъектілердің этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымы саласында қолданылатын технологиялық процестің, сақтаудың және өткізудің нормаларын, қағидалары мен нұсқаулықтарын, техникалық регламенттер мен стандарттарды сақтауын тексеру;

этил спирті өндірудің технологиялық желілерін және алкоголь өнімін құю желілерін тиісті спирт өлшейтін аппараттармен және есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыруға және олардың жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген этил спирті, арақтарды және ликер-арақ бұйымдарын өндірудің ең аз көлемін өндіру жөніндегі талапты сақтау үшін олардың нақты көлемін тексеру;

темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін өз құзыреті шегінде темекі өнімдерін өндірушілерге қажетті мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салу жіберу;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе алуды жүргізу;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға және істерді қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ, басқа да шараларды қолдану;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттау, бейне және аудиожазба, кино және фототүсірілім жүргізу;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметшілерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметшілерді материалдық жауаптылыққа тарту;

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруды қатысу;

Департамент қызметшілерін даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаменттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

салық төлеушіге (салық агентіне) қолданыстағы салықтар және бюджетке төленетін төлемдер туралы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат беру, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын қолдану жөніндегі мәселелерді түсіндіру;

өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірулерді жүзеге асыру және түсіндірмелер беру;

талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу фактісін растайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға салық органдарының ақпараттық жүйесіне кіруге рұқсат беру;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен және жағдайларда уәкілетті органның интернет-ресурсында:

салықтық берешегі бар;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әрекет етпейтін деп танылған;

тіркелуі заңды күшіне енген сот актісі негізінде жарамсыз деп танылған салық төлеушілер (салық агенттері) туралы мәліметтерді орналастыру;

салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық өтініштердің белгіленген нысандарының бланкілерін және (немесе) электрондық нысанда салықтық есептілік пен өтінішті ұсыну үшін қажетті бағдарламалық қамтылымды тегін беру;

салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу;

мемлекеттің меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға берудің толықтығы мен уақтылығын, сондай-ақ ол өткізілген жағдайда бюджетке ақшаның түсуінің толықтығы мен уақтылығын бақылауды жүзеге асыру;

уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыру;

салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық өтініші бойынша Салық кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезидент алған кірістердің және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама ұсыну;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша субъектілерге тексеру жүргізу;

акцизделетін тауарлардың өндірісі мен импортын жүзеге асыратын ұйымдардағы акциз бекеттерінің қызметін бақылау;

салықтық құпияны және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны сақтау;

салық төлеушілерді, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды, есептелген, есепке жазылған және төленген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, есептелген, ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, есептелген және төленген әлеуметтік аударымдарды есепке алуды жүргізу;

бұқаралық ақпарат құралдарында декларанттардың және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың кедендік төлемдері және салық, өсімпұлдары бойынша берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің), сондай-ақ әрекетсіз заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және жағдайда тізімдерін жариялау;

ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау жолымен сыртқы сауданың дамуына жәрдемдесу;

ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік бақылауды жүзеге асыру;

өз өкілеттіктері шегінде декларанттарға және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға олардың құқықтарын іске асыруына жәрдемдесу;

кедендік төлемдердің, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы баждардың, өтемақы баждарының толық алынуын және бюджетке уақтылы аударылуын қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы кодексінде белгіленген мерзімдерде шешімдер қабылдау және декларанттар мен кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың ЕАЭО және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында, сондай-ақ өзге заңнамада белгіленген шарттарды сақтауы және міндеттерді орындауы бойынша олардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

өз құзыреті шегінде ЕАЭО кедендік шекарасын күзетуді және Қазақстан Республикасының кеден және өзге заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

кеден ісі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалуы туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, ЕАЭО кедендік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

кеден ісі саласында келіп түсетін сұрау салулар мен ұсыныстарды ескере отырып, өтініштердің уақтылы, объективті және жан-жақты қаралуын және жауап берілуін немесе тиісті әрекеттер жасалуын қамтамасыз ету;

кеден ісі саласында өтеусіз ақпарат және консультация беруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының бірлескен актілері негізінде аталған органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасасу;

белгіленген мерзімдерде бюджетке төленбеген кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын, сондай-ақ өсімпұлдарды, пайыздарды өндіріп алу;

ЕАЭО және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілік жүргізуді жүзеге асыру;

мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына берілгенге дейін осындай тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының қызметіне, мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

декларанттардың және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың, салық төлеушілердің (салық агенттерінің) құқықтарын сақтау;

мемлекет мүдделерін қорғау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік кірістер органының және (немесе) мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымын қарау;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттеріне және стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен заңды күшіне енген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыны қайта қарау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) салықтық бақылауды жүзеге асыру;

2) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді (активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) айқындау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жоспардан тыс салықтық тексерулерді жүзеге асыру;

4) салық берешегін, кеден төлемдері, салықтар, арнайы, демпингке қарсы және өтем баждар, өсімпұлдар, пайыздар және әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

- 5) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;
- 6) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талап арызды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретке және міндеттерге сәйкес өзге де талап арыздарды беру;
- 7) нормативтік құқықтық актілермен белгіленген құзыреті шегінде салықтық және салықтық емес түсімдердің есепке жатқызуын және/немесе қайтаруын жүзеге асыру;
- 8) салық заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 9) акцизделетін тауарларды өндірушілердің, олардың айналымын жүзеге асыратын тұлғалардың, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау, акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағында орын ауыстыру тәртібін сақтауы бөлігінде, сондай-ақ акциздік бекеттер орнату арқылы акцизделетін тауарларға бақылауды жүзеге асыру;
- 10) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жаңғыртуға және бизнес-процесін ре-инжинирингтеуге қатысу;
- 11) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның іс жүргізуіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және қарау;
- 13) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттау, бейне- және аудиожазу, киноға және фотоға түсіру;
- 14) экспорттық бақылау саласындағы құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- 15) ақпаратты, оның ішінде алдын ала ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, егер мұндай ақпарат көрсетілген органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындау және функцияларды жүзеге асыру үшін қажет болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық және заңдармен қорғалатын өзге де құпияны (құпияларды), сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты қорғау жөніндегі заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтай отырып, беру;
- 16) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпарат беруді Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының нормативтік құқықтық актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асыру;

17) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтің қатысушыларын тұрақты негізде, оның ішінде ЕАЭО және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

18) үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың әкетілуіне жол бермеу үшін бақылауды жүзеге асыру;

19) кедендік декларациялауды, кедендік тазартуды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік операцияларды жүргізуді оңайлатуға мүмкіндік беретін жағдай жасау;

20) әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселесі бойынша алдын ала шешім қабылдау;

21) ЕАЭО Сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды сыныптаудың дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру,

22) тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешім қабылдау және түсіндірме беру, тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімді жариялауды қамтамасыз ету;

23) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жасақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімді қабылдау;

24) оның негізінде кедендік төлемдер мен салықтардан босату ұсынылатын, ЕАЭО және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен айқындалған құжаттарды қарау;

25) кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтар, арнайы, демпингке қарсы өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеуді бақылауды жүзеге асыру;

26) ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы автомобиль, теңіздегі өткізу пункттерінде және тауарлар өткізілетін өзге де орындарда көліктік бақылау жүргізу;

27) тауарлар мен көлік құралдарының ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілуін кедендік бақылауды жүзеге асыру;

28) ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларының, тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

29) тұлғалар ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде осындай тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге жағдай жасау;

30) ЕАЭО мүше мемлекеттердің валюталарын, бағалы қағаздарды және (немесе) валюталық құндылықтарды, жол чектерін ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізуге бақылауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға

қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды ЕАЭО мүше мемлекеттердің халықаралық шартына сәйкес қамтамасыз ету;

31) Сауда рәсімдерін жеңілдету туралы келісімнің шеңберінде Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерден транзиттік операциялар бойынша сұрау салулар мен ұсыныстардың қарауын үйлестіру (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қазандағы Заңмен ратификацияланған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне қосымша) (бұдан әрі – СРЖК);

32) СРЖК шеңберінде Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерінің кеден органдарының сұрау салулары бойынша ақпаратты ұсыну;

33) ЕАЭО бірыңғай сауда саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

34) тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпинге қарсы баждар, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдау;

35) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден органдарымен және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу;

36) ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тауарлар өткізілетін өзге орындарда радиациялық бақылау жүргізу;

37) ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

38) кедендік операциялар жасау және кедендік бақылау, оның ішінде өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде жүргізу;

39) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауды жүзеге асыру;

40) мемлекеттік кірістер органдарының кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу;

41) мемлекеттік кірістер органы қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамын және олардың отбасы мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау;

42) кеден ісі саласында жасалған құқық бұзушылық туралы ақпараттарды жинау және талдауды жүзеге асыру;

43) тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша қызметті жүзеге асыру;

44) мүдделі тұлғаларға ЕАЭО және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларын қолдану мәселесі бойынша және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша өтеусіз негізде консультация беру;

45) кеден ісі саласында келіп түскен сұрау салулар мен ұсыныстарды ескере отырып, өтініштерді уақытылы, объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету және жауаптар беру немесе тиісті әрекеттерді жасау;

46) өз құзыреті шегінде салық міндеттемесінің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндіруді жүзеге асыру және түсіндірмелер беру;

47) тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану;

48) кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын толық өндіріп алуды және уақытылы аударуды қамтамасыз ету;

49) Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді жетілдіруге және іске асыруға қатысу;

50) ЕАЭО кеден шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында көлік құралдарын, оның ішінде тауарлардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдарын тоқтату;

51) тасымалдаушыдан немесе ЕАЭО кеден шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тауарлар өткізуді жүзеге асыратын тұлғадан өткізілетін тауарларға қатысты қажетті ақпаратты, сондай-ақ құжаттар мен мәліметтерді сұрату және алу;

52) ЕАЭО кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

53) құзыреті шегінде тауарларды таңбалауды және қадағалуды жүзеге асыру;

54) өз құзыреті шегінде таңбалауға және қадағалануға жататын, оның ішінде ЕАЭО мүше мемлекеттермен өзара саудадағы тауарлар айналымына мониторингті жүзеге асыру;

55) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және жұмыс істеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

56) өз құзыреті шегінде трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша ақпарат және түсіндірмелер беру;

57) «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексерулер жүргізу;

58) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқынайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету;

59) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

60) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз ету;

61) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарау;

62) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолдану;

63) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектермен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

64) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына беру;

65) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

66) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз ету;

67) этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыру;

68) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және олардың айналымы, темекі өнімдерін өндіру саласындағы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтау бойынша бақылау жүзеге асыру;

69) алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерін сату кезінде ең төменгі бағалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

70) алкоголь өнімін сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге лицензия беру;

71) темекі бұйымдарын өндіру және олардың айналымы көлемдерінің теңгерімін бақылауды, есепке алу мен талдауды жүргізу;

72) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді және олардың айналымын бақылауды жүзеге асыру;

73) этил спирті, алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары өндірісін және олардың айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

74) мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

75) мұнай өнімдерінің айналымына камералдық бақылауды жүзеге асыру;

76) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

77) биоотын айналымына камералдық бақылауды жүзеге асыру;

78) құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

79) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының кредиторлар жиналысымен ұсынылған кандидатураларды тағайындау;

80) интернет-ресурста кредиторлар талаптарының тізілімін орналастыру;

81) табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын немесе республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер, оның ішінде

акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ оларға қатысты осындай тәртіп Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптарды белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

82) оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жай-күйі туралы мәліметтерді жинаудың және банкроттық рәсімнің жүзеге асырылу барысы туралы, банкроттық басқарушының банкроттық рәсімнің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпараттарын қарау;

83) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өнімді өткізуді бақылау;

84) халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасының құқықтардың жүзеге асырылуын және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық шарттардың басқа қатысушыларының өз міндеттемелерін орындауын қадағалау;

85) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану бойынша шаралар қабылдау;

86) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты интернет-ресурсқа орналастыру;

87) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны шеттету;

88) борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

89) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелерді анықтау бойынша шаралар қабылдау;

90) оңалту рәсімдері мен банкроттық рәсімдердің өткізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

91) санкцияға қатысушыдан растайтын құжаттарды сұратуды жүзеге асыру;

92) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуына келісу;

93) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарау;

94) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпараттың сұратылуын және алуын жүзеге асыру;

95) уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банк шоттарының бар-

жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну;

96) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтар анықталған жағдайда уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;

97) өз құзыреті шегінде оңалту және банкроттық рәсімдердің жүргізілуі, өткізілуі және тоқтатылуы бойынша түсіндірулер мен түсіндірмелер беру;

98) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

99) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

кредиторлар жиналысын өткізу туралы ақпараттық хабарламаны;

банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды;

борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы хабарландыруды;

оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды;

қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін,

банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды;

борышкерге қатысты берешекті қайта құру рәсімін қолдану туралы хабарландыруды;

әкімшінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың тізімін интернет-ресурсқа орналастыру;

100) салық төлеушінің (салық агентінің) және сыртқы экономикалық қызметке қатысушының салықтық және кедендік тексерудің алдын ала актісіне келіп түскен жазбаша қарсылығын қарау.

«101) салық төлеушінің (салық агентінің) алдын ала салықтық тексеру актісіне келіп түскен жазбаша қарсылығы бойынша мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын қарау.

102) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Департамент басшысының оның қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы Департаментке басшылықты жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департаменттің басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, қызметкерлерінің, Департаменттің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департамент қызметкерлерін;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

кеден бекеттерінің басшылары мен олардың орынбасарларын;

«кедендік ресімдеу орталығы» кеден бекеті басқармасының басшыларын;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы мемлекеттік кірістер басқармалары басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тәртіптік жауаптылық шараларын қолданады;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Департамент басшыларының орынбасарларын, Департаменттің қызметкерлерін, Департаменттің аумақтық органның басшыларын және басшыларының орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша дербес жауаптылықта болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Департамент актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

20. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Департаменттің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақтау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жаңаөзен қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бейнеу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қарақия ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Маңғыстау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мұнайлы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Түпқараған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Ақтау теңіз порты» Мемлекеттік кірістер басқармасы.